

тәуелді тіркеуде тұрған 4948 адам кәмелетке толмағандар болып табылады. Статистикалық ақпараттарға үңілсек ересектерге қарағанда балалар есірткіні 2,5 есе жиі қолданады екен [5].

Елімізде әлеуметтік қорғаусыз, ата-анасыз қалған балалар қаншама. Мәліметтерге сүйенсек балалар үйінде мыңдаған жетім балалар тәрбиеленуде. Оның ішінде ата-аналары тастап кеткен балалар да жоқ емес.

Балаларды мәжбүрлеп еңбек етуге итермелеу күннен-күнге өсіп келе жатқан мәселе. Балалардың қиын әлеуметтік және экономикалық дағдарыс кезінде, отбасылық ахуалына байланысты, қайыр сұрауы, автокөліктердің терезелерін сұрту сияқты еңбектенуі күнделікті кездестіретін жәйт болды.

Баланың қорғалуы мемлекеттің басты қызметтерінің бірі. Мемлекет өзінің функциясы арқылы балалық шақты қорғауды жүзеге асырады. Жас ұрпақты дұрыс, салауатты тәрбиелеу үшін, балалықты қорғау механизмдерін жетілдіріп қана қоймай, оны дамыту қажет. Осы ретте отандастарымыздың балаларды асырап алуға ынталандыру саясатын жүргізу қажет, Қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алу саясатын тиімді етіп жүргізу, интернаттық мекемелерде тәрбиеленіп жатқан жетім балаларды әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру керектігі туындап отыр. Бұл мәселелерді іске асыру барысында еліміз халықаралық тәжірибелерге сүйенуі қажет деп ойлаймыз.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жылғы қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен. – Алматы, 2008.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 2002. - 96 б.

3. Қазақстан Республикасы. Неке және отбасы туралы Заңы. 17 желтоқсан 1998 жылғы Парламентпен қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 мамыр.

4. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы / 8 тамыз 2002 жылғы Парламентпен қабылданған // «Юрист» Электрондық жүйесі.

5. Проверили и ужаснулись. Достоверной статистики о количестве наркоманов в стране нет: Информация Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан // <http://info-ts.es.kz/red/article>

\*\*\*

In this article is devoted to theoretical and practical questions baby's law as to objections of functions of the states

\*\*\*

В данной статье рассматриваются теоретические и практические аспекты обеспечения, защиты, а также охраны прав ребенка как объекта деятельности государства.

*А.Қ. Адибаева*

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ГЕНОЦИД ҚЫЛМЫСЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТҮРЛЕРІ

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы бүкілхалықтық референдум бойынша қабылданған Конституциясының 1 бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - атап көрсетеді. [1]

Яғни, заң адамзатқа, қоғамға, мемлекетке қарсы іс-әрекеттерді жасауға тікелей тиым салады. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында, «Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық: біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен де бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қаладық» - деп атап көрсетті. [2]

Аталған сөз еліміздің тәуелсіз мемлекет болып жарияланғанына он тоғыз жылдан астам уақыт мөлшері және осы жылдардың ішінде еліміз әлем сахнасы төрінде беделді орынға ие болып, көптеген жетістіктерге қол жеткізгеннен туындағанына көзіміз жетеді.

Елімізде орын алып жатқан осындай оңды жетістіктерімізбен бірге қоғамның одан әрі қалыпты дамуына кедергі келтіріп жатқан жағымсыз құбылыстардың бірі – халықаралық қылмыстылық.

Әлем тарихы адамдық мораль мен адамгершіліктің барлық негіздеріне геноцидтен басқа қайшылық туғызатын барынша қасіретті де зұлымдық туғызатын әрекеттерді білмейді. Бұл түсініктің астарында бәрінен бұрын барынша көп пайда табуға, өз өктемдігін нығайтуға, басқа да халықтар мен ұлттарға шексіз билік жүргізуге ұмтылған езуші таптың қылмыстық саясаты жатыр.

Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі қазіргі заманауи өркениеттің маңызды әлеуметтік құндылығы, тұтас алғанда түгел қоғамның, ал жекелей алғанда әрбір адамның жан-жақты дамуының міндетті де қажетті шарты болып табылады.

Геноцид – ұлттық, нәсілдік, діни немесе этникалық топтарды ойластырылған түрде зұлымдықпен жою деген сөз. Геноцид – бұрыннан мәлім қылмыстың жаңа атауы. 1948 жылы 9 желтоқсанда БҰҰ сессиясында геноцидке қатыстылығы бар қылмыстардың алдын алу және тиісті жазалар белгілеу туралы Конвенция қабылданып, оған 40 мемлекет қол қойды. Конвенция 1951 жылғы 12 қаңтардан күшіне енді. Егер денонсация нәтижесінде Конвенцияға қатысушылар саны 16-ға жетпесе, онда ол күшін тоқтатады. Алайда, қазіргі кезде оған 100-ден астам мемлекет қатысуда, бұлардың ішінде КСРО-ның құқықтық мирасқоры ретінде Қазақстан Республикасы да бар. Конвенцияға қосыла отырып, Қазақстан Республикасы 29.06. 1998 жылы №244 «Қазақстан Республикасы геноцид қылмыстарының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияға қосылуы туралы» заң қабылданды. Бүгінде орын алып жатқан өзекті мәселелердің бірі халықаралық геноцид қылмысы. [3]

Халықаралық геноцид қылмысымен күресуде және қылмыстық жауапкершілік мәселесіне көптеген ұйымдастырушылық шараларын іске қосуда, бұған қатысты ҚР «Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияға қосылуы туралы» 29.06. 1998 жылғы заңы, ҚР «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» 28.11. 2005ж. заңы, ҚР «Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы» 4.10. 2004ж. заңы, ҚР «Халықаралық шарттар туралы» 7.06. 2005ж. заңдары мен ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік 10 шілде 2008 жылғы «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» қаулысы бар.

Геноцид халықаралық қылмыс ретінде танылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс ретінде геноцид үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. (ҚР ҚК 160-бабы). [4]

Солай дей тұрсақ та, халықаралық деңгейде геноцид фактісін мойындаудың өзі бірқатар өзекті мәселелерді тудыруда. Геноцид жағдайына қатысты билік көп жағдайда оны мойындаудан жалтарады. Ал геноцид актісін тану сирек жағдайда, мұның өзінде геноцидке тікелей кінәлі биліктен кейінгі билік тарапынан ғана мойындалады. Тіпті, кейде геноцид жекелеген үшінші мемлекеттер тарапынан мойындалып жататын кездер де болады.

Геноцид тек қылмыстық тұрғыдан жазаланатын акт емес, ол сондай-ақ халықаралық құқықтың бұзылуы болып табылады.

Империалистік мемлекеттердің саяси топтар жүргізіп отырған геноцид саясаты қазіргі халықаралық құқықты өрескел түрде бұзу болып табылады. Геноцид мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру қағидасына, ұлттардың өзін-өзі басқару және басқа да халықаралық құқық қағидасына еш сыйыспайды. Геноцид қылмыстары, сондай-ақ, БҰҰ Жарғысының, адам құқығының Жалпыға бірдей Декларациясының, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1960 жылы қабылдаған XV сессиясында отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларациясының, 1965 жылғы нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы Конвенцияның және басқа бірқатар халықаралық құқықтық актілердің талаптарына қайшы келеді.

Адамзатқа қарсы жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктің өзі заманауи халықаралық құқықтың жалпылай мойындалған нормасы болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін-ақ халықаралық құқық соғысушы жақтарға бейбіт халыққа қатысты зорлық зомбылық көрсетуге тыйым салған болатын. Мәселен, 1907 жылы болған IV-Гаага конференциясының 22-ші бабында "соғысушылар қарсыластарына зиян келтіретін құрал-жарақтар таңдауда шексіз құқықты пайдалана бермейді" делінген. Осы Конвенцияның 25-бабы былай дейді: "Қорғанышсыз қаланы, елді мекенді, үйлер мен құрылыстарды қалай болса солай тәсілмен шабуылдауға немесе бомбалауға тиым салынады". Мұндай ережелер басқа халықаралық келісімдерде де бар. Геноцид қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі неміс фашистері мен жапон милитаристері адамға жат нәсілдік теорияларды жүзеге асыра отырып, жаулап алған елдерінде халықты нәсілдік және ұлттық белгілері бойынша жаппай қырып жойған екінші дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болды.

Қазіргі халықаралық құқықтың барынша тән сипаттарының бірі халықаралық құқық жауапкершілігін жеке сала ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл үдерістегі шешуші маңыз ретінде 12 желтоқсан 2001 жылы Халықаралық құқық комиссиясы қабылдаған «Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі» бабтарының рөлі ерекше. Комиссия жоба жөніндегі жұмысын аяқтағанға дейін-ақ оның бірқатар ережелерін Халықаралық сот қарапайым нормаларды кодификациялау ретінде таныды. Бұл акт мемлекеттердің жауапкершілігіне арналған және халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі мен мемлекеттердің ұйымдар әрекеттері үшін жауапкершілігін қозғамайды. Жоба, сондай-ақ, халықаралық құқық бойынша мемлекет атынан әрекет жасайтын адамдардың жеке жауапкершілігіне қатысы жоқ. [5]

Халықаралық жауапкершілік құқығының негізгі қағидасы және тұтастай алғанда халықаралық құқық қағидаларының бірі ретінде кез-келген халықаралық құқыққа қарсы әрекет өзіне халықаралық құқық жауапкершілігін жүктейтін халықаралық құқық жауапкершілігі болып табылады ( мемлекеттердің жауапкершілігі туралы баптар жобасының 1-бабы). Жауапкершілікті арқалау үшін тек құқыққа қарсы әрекет жасаса жеткілікті.

Мемлекеттің геноцид үшін ( сол сияқты басқа да халықаралық жауапкершіліктері үшін) жауапкершілік мәселесі көптеген келіспеушіліктер туғызады. Мұндай келіспеушіліктер өзінің мәні жөнінен мемлекеттің геноцид үшін жауапкершілігін, сондай-ақ нақты шаралар тізілімін көрсетеді. Халықаралық құқық доктринасы мемлекеттің геноцид үшін жауапкершілігінің мынадай 4 түрін бөліп көрсетеді:

1. Қылмыстық
2. Материалдық
3. Саяси
4. Моральдық

Бұларды дәлірек топтағанда былай деп атауға болады: заңдық (қылмыстық және материалдық), саяси және моральдық.

Халықаралық қылмыстық құқық бойынша жеке жауапкершілік қағидасы Нюрнберг процесінің Бриан – Келлог доктринасын алмастырған маңызды тезистерінің бірі болып табылды. Бұл доктринада халықаралық қылмыс ретінде агрессия жасағаны үшін мемлекеттің жауапкершілігі туралы ғана сөз болады. Бұл қағиданың талабына сәйкес, халықаралық құқық жөніндегі жауапкершілікке (ұлттық бойынша да) тек жеке тұлғалар ғана жатады. Бұл туралы Халықаралық Қылмыстық соттың 1998 жылғы 17 шілдедегі Рим статутының 25 бабының 2 бөлімінде былай делінген: «Қылмыс жасап, Соттың юрисдикциясына жатқызылған адам жеке жауапкершілік алып, аталған статут бойынша жазаға тартылады». [6]

Солай дей тұрсақ та, халықаралық құқық доктринасында халықаралық қылмыс үшін мемлекет жауапкершілігінің қылмыстық сипатын танитын барынша ықпалды бағыт бар. Оның негізін салушы деп әдетте 1925 жылы «Мемлекеттердің ұжымдық жауапкершілігі мен болашақтағы қылмыстық құқық» атты кітап жазып шығарған румындық заңгер Веспасиан Пеллді атайды. Мемлекетті «құқықтың әрекет етуші субъектісі» деп атай отырып, Пелл осындай сапасында ол жекелеген адамдарға қойылатын заң талаптарын бұрмалай алмайды, адамдарға кінә тағатын қылмыстарды жасай алмайды деп есептеді. Бұл институтты тану арқылы В. Пелл жеңімпаздың күштінің құқығын әділеттілік құқыққа алмастыру мүмкіндігін атап көрсетеді. В. Пеллдің көзқарасынша, нағыз жеңіс басқа мемлекеттің жеңілуін мойындатуда емес, керісінше өзін жеңілісі үшін емес, халықаралық құқық нормасын бұза отырып, қылмыс жасағаны үшін кінәлі екендігін мойнына алдыру. Осылай болғанда жеңімпазды да кінәлі деп тануға мүмкіндік туады. В.Пелл, сондай-ақ, мемлекеттің құқық субъектісінің ерекше сипатын бөліп көрсетті. Егер заңды тұлғалар адамның еркі бойынша құрылған құрылымдар болып есептелсе, мемлекет ұлттың атынан сөйлейді. Ал ұлттың өмір сүруі жеке адамның ерік-жігеріне тәуелді емес. Мемлекет топтың ерік жігерін жүзеге асырады, деп есептейді В. Пелл. Егер дәл осындай ерік-жігердің құрамында қылмыс болса, онда жауапкершілік мемлекетке, яғни ұлтқа жүктеледі.

Халықаралық қылмыстық кодекс тұрғысында В. Пелл қылмыстық санкциялар қатарына мыналарды жатқызады: дипломатиялық санкциялар (ескерту, дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарды үзу; заңдық санкциялар (мемлекет азаматтарының мүліктеріне секвестр салу); экономикалық санкциялар (блокада, эмбарго); басқа да санкциялар (бетіне басу, айып, өкілдікті халықаралық ұйымдағы құқығынан белгілі бір уақытқа айыру, құзырындағы аумақты басқару мандатынан айыру, мемлекет аумағын толық немесе ішінара оккупациялау, тәуелсіздігінен айыру). Мемлекеттердің қылмыстық жауапкершілік тұжырымдамасын жақтаушылар арасында Г.Доннедье да Вабраны бөліп айтуға болады. Ғалым мемлекеттің қылмыстық жауапкершілігі белгіленетін мақсаттарды есепке алады, ол мемлекеттер тарапынан құқық бұзған мемлекетке елеулі жазалар қолдану айбатын көрсету арқылы халықаралық құқық бұзушылыққа ескерту жасауды осындай мақсат ретінде атайды. Мемлекеттің қылмыстық жауапкершілігін жүзеге асырудағы негізгі шарт халықаралық ұйымдардың (Ұлттар Лигасы) қарамағында нақты күштің болуы.

Геноцид жүргізгені үшін мемлекеттердің қылмыстық жауапкершілігі тұжырымдамасының қазіргі заманғы жақтаушыларының бірі – Ю.Г. Барсегов. [7] Ғалым геноцидті аумақтық экспансия саясатының міндетті салдары әрі бөлігі ретінде қарастырады. Оның тұжырымы бойынша, «Геноцид мақсаттары бойынша ғана емес, орындалуы бойынша да мемлекеттік қылмыс болып табылады. Тұтас халықты тек мемлекет қана өзінің мемлекеттік аппараты – үкіметтің, жергілікті әкімшіліктің,

әскердің, полицияның, бұқаралық ақпарат құралдарындағы насихат қызметінің көмегімен жоя алады».

А.Н. Трайнин "Бейбітшілікті қорғау және қылмыстық заң" атты кітабында ұлттық құқықтағы заңды тұлғаны халықаралық құқық субъектісі ретінде мемлекетпен теңестіру арқылы қарастырады. **Societas delinquere non potest** (заңды тұлғалар қылмыс жасай алмайды) деген қағидасына қарсылық ретінде ол профессор Ру тұжырымдамасын келтіреді: "Құқықтың бірде-бір қағидасы заңды тұлғаларға қылмыстық заңмен қарастырылған қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттігін жоққа шығармайды". А.Н. Трайнин ең алдымен мемлекеттердің геноцид үшін түрлі халықаралық құжаттарда айтылатын қылмыстық жауапкершілігінің мүмкіндіктеріне негізделеді. [8]

Мәселен, В. Пелл "Халықаралық қылмыс кодексінің негізгі ережелерінде" былай деп жазады: (3 баб) "Мемлекет жауапкершілігінен басқа жеке тұлғалардың халықаралық жалпы тәртіпті бұзатын іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі немесе әмбебап халықаралық құқықтың орын алу фактісі бар". Халықаралық қылмыстық кодекс жобасында бір жағынан қылмыскер – мемлекет (petat delinquant), екінші жағынан қылмыскер – жеке тұлға (individu delinquant). Трайниннің жазуынша, шындығында да, заңды тұлға қылмыстық қана емес, оңды іс-әрекеттерді де тікелей жасай алмайды. Солай десек те, заңды тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бар. Демек, автордың пікірі бойынша, заңды тұлғалардың өкілі – жеке адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықты да заңды тұлғаларға мүмкіндігі сақталған.

Жоғарыда келтірілген позицияларды сараптай отырып, геноцид үшін мемлекеттің қылмыстық жауапкершілік идеясы басқа да халықаралық қылмыстар үшін де қылмыстың алдын алу құралы ретінде тек бір авторда – В. Пеллде бар екенін айтуымыз керек. Ал қалған авторлар мемлекетті жазасыз қалдырмау міндетін алға қояды.

Бүгінде орын алып отырған, әрі осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған жоспарланған шараларды қарастырсақ. Геноцидті жасаған мемлекет халықаралық құқықтың халықаралық құқық нормаларын бұзған субъектісі болып қала алмайды, ол «**Societas delinquere non potest**» рим қағидасына орай геноцидтің тікелей орындаушысы ғана емес, оның қолдаушысы әрі демеушісі болып табылатын саяси ұйым ретінде қарастырылуы тиіс. Геноцидті халықаралық қылмыс ретінде жасаған жағдайда жан-жақты құқықтық жауапкершілік қатынастары пайда болмақ. Ол – тек жәбірленушілердің ғана емес, тұтас алғанда халықаралық қауымдастық алдындағы жауапкершілік қатынастары. Мәселе бұл жерде әмбебап міндеттемелердің, «erga omnes» міндеттемелердің бұзылуы туралы болып отыр. Мұндай жағдайда әрбір халықаралық құқық субъектісі құқық бұзушыдан қылмыстық әрекеттерді тоқтатуды және оның салдарын жоюды талап етуге құқылы. Мемлекеттердің жауапкершілігі туралы баптар жобасының «Мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігінің мазмұны» деп аталған екінші бөлігінде бұзылған құқықты қалпына келтірудің" орнын толтыру" (өндіру) деген түрі туралы айтылады.

31 – бап:

1) Жауапты мемлекет халықаралық құқық үрдісіне келтірген зияны үшін оның орнын толық өтеуі тиіс.

2) мемлекеттің халықаралық құқыққа қарсы іс-әрекетінің нәтижесінде келтірілген кез-келген зиян, материалдық немесе моральдық болсын, залал болып табылады.

35 – баба сәйкес: «халықаралық құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілген зиянның орнын толық өтеу **реституция, конфискация (тәркілеу) және сатисфакция** формасында, немесе осы аталған формалардың бірінде, немесе олардың жиынтық түрінде болады». Көрсетілген формалардың екеуі – реституция және тәркілеу геноцид үшін материалдық жауапкершілікке жатады. Геноцид үшін материалдық жауапкершіліктің мәні өмір сүру құралдарынан (еңбек құралдары, жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, жер мен үйді қоса есептегенде) зорлықпен айыру арқылы адамдардың белгілі бір қауымын талқандауға арналған жағдайлар жасалады. Мұның өзі геноцид қылмысының объективті жағының бір бөлігі болып табылады. (Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы 1948 жылғы Конвенцияның 2-бабының "с" тармақшасы).

Мемлекет жауапкершілігі туралы баптар Жобасының 36 – бабына сәйкес реституцияны қамтамасыз ету халықаралық құқыққа қарсы әрекет еткен жауапты мемлекеттің міндеті болып табылады. Реституция ең алдымен құқыққа қарсы әрекет жасалғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру. **Реституция:** а) материалдық жағынан мүмкін емес болып табылмайды; б) өтемақы орнына реституциядан алынған пайдамен салыстыру жөнінен тең уақыт тудыра алмайды.

**38 – бап. Сатисфакция:** 1) халықаралық құқыққа қарсы әрекеті үшін жауапты мемлекет келтірілген зиянның орнын реституция немесе өтемақы жолымен толтырылмаса, мұндай әрекеті арқылы келген зиян үшін сатисфакция беруге міндетті. 2) Сатисфакцияның құрамында құқық бұзуды мойындау, өкініш білдіру, ресми түрде кешірім сұрау немесе осыдан басқа да әрекеттер болуы керек.

3) Сатисфакция зиянға бара-бар тең дәрежеде болуы тиіс және жауапты мемлекетті төмендететін формада қабылдай алмайды. Халықаралық құқық комиссиясы халықаралық қылмысты халықаралық қоғамдастықтың ең маңызды мүдделерін қамтамасыз етудегі өзекті халықаралық міндеттемелерді белгілі бір мемлекеттің бұзуы нәтижесінде пайда болатын халықаралық құқыққа қарсы әрекет ретінде анықтады. Ал оны бұзу тұтас алғанда халықаралық қоғамдастық алдындағы қылмыс ретінде қарастырылады. Халықаралық қылмыс тұжырымдамасы халықаралық құқық Комиссиясының баяндамасын талқылаған кезде БҰҰ тарапынан қолдауға ие болды. Тұжырымдамаға АҚШ пен Ұлыбритания батыл қарсылық білдірді. Тұжырымдама қарсыластарының негізгі дәлелі мынаған саяды: олар тұжырымдама мемлекет тәртібін қылмысқа жетелейді, сондай-ақ жоба мемлекеттер жауапкершілігінің айрықша тәртібін қарастырмайды дейді. Егер екінші ескерту негізді десек, ал біріншісінің, жалпы айтқанда, еш негізі жоқ. Комиссия «қылмыс» терминін пайдалану аса ауыр құқық бұзушылық категориясын бөліп қарауды мақсат тұтқанын және ол ешқандай да мемлекет тәртібін қылмыстандыру емес екенін мәлімдеді. Ортақ келісімге ұмтылған халықаралық құқық комиссиясы “Жалпы халықаралық құқықтың императивті нормаларынан туындайтын міндеттемелердің елеулі түрде бұзылуы” деген мәмілелік нұсқа қабылдады. Ол күрделі әрі зор атауы бола тұра да, түптеп келгенде «халықаралық қылмыс» сыңайқындығы идеяны білдіреді. Комиссия бұған мемлекеттердің қылмыстық жауапкершілігін жоққа шығару тұрғысынан келді. Солай бола тұрса да, императивті сипаты бар айрықша маңызды нормаларды бұзғаны үшін айрықша жауапкершілік саласын бөліп көрсету қажет болды. Халықаралық құқық комиссиясы 1976 жылы мұндай бұзушылықтың шамамен мынадай тізілімін ұсынды. Негізді маңызға ие халықаралық міндеттемелерді ауыр жағдайда бұзғаны үшін: а) халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; б) халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын қамтамасыз ету (отарлық билік етуге тиым салу); в) адамның жеке басын қорғау (құлдыққа, геноцидке, апартеидке тиым салу); г) қоршаған ортаны қорғау (атмосфера мен теңіздердің кең аумақта ластанудан қорғау). Сонымен, құқық бұзушы мемлекет келтірген зиянды өндіру формасы геноцид үшін жауапты мемлекеттің заңдық (материалдық) жауапкершілігіне жатқызылуы тиіс. Бұларға жатқызылатындар: реституция, өтемақы (компенсация), пайыз.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2001ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 19.02. 2005ж.
3. Қазақстан Республикасының «Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияға қосылуы туралы» 29. 06. 1998ж. заңы
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 16. 07. 1997ж.
5. Халықаралық құқық комиссиясы қабылдаған «Мемлекеттердің халықаралық құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі» атты жоба 12. 12. 2001ж.
6. Халықаралық Қылмыстық Соттың 17. 07. 1998ж. Рим статуты.
7. Барсегов Ю. Г. Геноцид армян – преступление по международному праву. – М., 2000 г.
8. Трайнин А. Н. Защита мира и борьбы с преступлениями против человечества // В кн.: Защита мира и уголовный закон. – М., 1969г.